

## Түркістанға саяхат туралы пікірім

Маған Түркістанға саяхаттаған өте қатты ұнады. Біз ол жерде бір аптадай болдық және сол бір апта керемет өтті. Біз сыныптастарымызбен аса қатты араласпайтынбыз, бірақ осы саяхат, пойыздағы интернетсіз күндер бізді өте қатты жақындастырды. Көптеген керемет жерлермен таныстық, қызықты ақпараттар алдық. Тарихи қалалар Отырар, Сауран қалаларын өз көзімізбен көрдік. Ол жерде маған қатты ұнағаны Отырар қаласы мен Арыстан баб кесенесі болды. мен ол жерде көптеген мағұламаттармен танысып, тарихын білдім. Біз ол жерді ұмытпай есімізге түсіріп әлі де сыныптастарымызбен талқылаймыз.

Жеке өзіме Түркістанға барған қатты ұнады. Өкінішке орай Орал қаласына бара алмадым. Келесі жолы баруға тырысамын. Біздің сынып жетекшіміз Оразхан Сәдірханқызына үлкен рақмет! Бізді апарып, ел көрсін, жер танысын деп бізбен бірге жүргеніне алғысым шексіз. Келер жылдары да осындай саяхаттар болатынына сенемін.

Пікірді жазған: Абдиғали Аружан Айболқызы

10 сәуір 2018 жыл

## Орал қаласына саяхат туралы пікірім

Осы жылы мен мектеп оқушыларымен Орал қаласына бардым. Маған осындай кішкентай саяхат қатты ұнады. Себебі, осы сапардан мен өзіме көптеген жаңа мәліметтерді алдым. Мысалы, мен осы қалада бұрын болмағандықтан бұл қала өте ескі қала екенін түсіндім. Сондай-ақ, осы сапарда біз қаладан шығып сырым ауданына бардық. Тарихқа қатысты түрлі мағлұматтар естідік.

Саяхаттағы уақыттың аз болуы көп мәлімет алуға мүмкіндік бермеді, бұл саяхаттың кемшін тұсы болды. Үш күннің ішінде біз қаншама түрлі мұражайлар, тарихи ескерткіштер сырымен танысып уақытымызды жақсы өткіздік. Мысалы, А.С.Пушкиннің, М.В.Шолоховтың, М.А.Мәметованың, Е.Пугачевтің, Алаш Ордашылардың мұражайларында болдық. Маған ең қатты ұнаған жерлер М.А.Мәметованың мұражайы және Е.Пугачевтің үй-мұражайы болды.

Сонымен қатар, біз Оралдағы сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларға арналған мұражайда болдық. Сырым Датұлы бабамыздың асуы мен Өзбекстан жерінен әкелінген топырағы қойылған ескерткіші ұнады.

Сапардан мен өзіме қатарластарымнан жаңа достарды таптым. Бір мектепте оқығанымызбен араласа бермейтінмін. Қазір жаңа достасқан достарыммен жақын араласып кеттім. Бұл сапар маған өте қатты ұнады. Мұндай сапарлар әлі де жалғасын тапса екен деймін. Ұйымдастырған ұстаздарыма мың алғыс айтамын.

Пікірді жазған: Оралханова Ақбота 9 «Ә» сынып оқушысы  
8 сәуір 2019 жыл